

Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 27 қыркүйектегі № 533 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 қыркүйекте № 36957 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нотариаттық іс-әрекеттерді және өзге де қызметтерді жасағаны, сондай-ақ нотариаттық куәландырылған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және жекеше нотариустардың консультация бергені үшін қоса беріліп отырған төлем мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 533 бұйрығына қосымша

Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшері

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың

көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшері "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 30-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң).

2-бөлім. Нотариаттық іс-әрекеттер үшін төлем мөлшерлемелері

2. Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшері мынадай:

1) қалалық жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 17 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

құны 30 АЕК-ке дейін:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 3 АЕК;

басқа да адамдарға – 8 АЕК;

құны 30 АЕК-тен жоғары:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 7 АЕК;

басқа да адамдарға – 12 АЕК;

егер мәміле ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша алынған қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алу мақсатында жасалатын болса – 4 АЕК;

2) ауылдық жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 3 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, сіңлілеріне, немерелеріне – 1,5 АЕК;

басқа да адамдарға – 2,7 АЕК;

3) автомобиль көлігін, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 12 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, сіңлілеріне, немерелеріне – 4 АЕК;

басқа да адамдарға – 10 АЕК;

4) жалдау, қарыз, (ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарын қоспағанда), кепілақы, лизинг, мердігерлік шарттарын, неке келісімшарттарын, ортақ меншіктегі мүлікті бөлу, мұрагерлік мүлікті бөлу шарттарын, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттарын куәландырғаны үшін – 10 АЕК;

5) кепілгерлік пен кепілдік шарттарын куәландырған кезде – 1,5 АЕК;

6) ипотекалық тұрғын үй заемдары шарттарын куәландырғаны үшін – 4 АЕК;

7) ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша жылжымайтын мүліктің кепіл шарттарын куәландырған кезде – 4 АЕК;

8) басқа кепіл шарттарын куәландырғаны үшін – 10 АЕК;

9) өсиеттерді куәландырған кезде – 3 АЕК;

10) мұрагерлікке құқық туралы куәлікті бергені үшін – 4 АЕК әрбір берілген куәлік үшін;

11) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік құқығында мүлкі бар өзге де адамдардың меншік құқығы туралы куәлікті берген кезде – 5 АЕК;

12) мұрагерлік мүлікті қорғау жөнінде шаралар қолданғаны үшін – 8 АЕК;

13) автомобиль көлігін, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сату құқығынсыз пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – 2 АЕК;

14) мүлікті пайдалану және иелік ету құқығына сенімхаттарды куәландырған кезде – 2,5 АЕК;

15) өзге де сенімхаттарды куәландырғаны үшін:

жеке тұлғалар үшін – 1,1 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 2,5 АЕК;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық куәландыру көзделген келісулерді куәландырғаны үшін – 1,5 АЕК;

17) теңіздік наразылығын жасағаны үшін – 5,5 АЕК;

18) құжаттардың көшірмелері мен құжаттардың үзінді көшірмелерін куәландырған кезде (әр беті үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,1 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,17 АЕК;

19) құжаттарда қойылған қолдың, сондай-ақ құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырған кезде (әрбір құжат үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,53 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 1,1 АЕК;

20) нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландырған кезде (бір бет үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,3 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,4 АЕК;

21) нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландырған кезде (бір бет үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,3 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,4 АЕК;

22) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа да жеке және заңды тұлғаларға берген кезде – 0,7 АЕК;

23) құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін берген кезде – 0,7 АЕК;

24) телнұсқаны берген кезде – 3 АЕК;

25) вексель наразылығын жасаған кезде және чектің төленбегенін куәландырған кезде – 1,5 АЕК;

26) атқарушылық жазба жасағаны үшін:

жеке тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 0,2 пайызы, бірақ 1 АЕК-тен кем емес және 50 АЕК-тен артық емес;

заңды тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 1 пайызы, бірақ 1,5 АЕК-тен кем емес және 100 АЕК-тен артық емес;

Бұл ретте Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген талап бойынша атқарушылық жазба жасау үшін – 0,5 АЕК.

Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша атқарушылық жазба жасау үшін ақы төлеудің төменгі шегі 1 АЕК құрайды.

27) құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтаған кезде – әр айға 0,6 АЕК;

28) құпия өсиеті бар конвертті ашқан және құпия өсиетті жария еткен кезде – 1,2 АЕК;

29) құпия өсиетті қабылдау туралы куәлікті берген кезде – 1,2 АЕК;

30) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген басқа нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде – 7,2 АЕК;

31) консультация беруді жүзеге асырған кезде – 1 АЕК мөлшерлемелерінде белгіленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Өділет министрінің м.а. 26.02.2026 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Өндіріп алушының нотариусқа атқарушылық жазба жасағаны үшін төлеген төлемі, сондай-ақ осыған байланысты өндіріп алушы көтерген шығыстар борышкерге жатқызылады.

Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде, нотариусқа оны жасағаны үшін төленген сома қайтарылуға жатпайды.

Ескерту. 2-бөлім 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Өділет министрінің м.а. 26.02.2026 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК